23 ҚЫРКҮЙЕК,
2025 ЖЫЛ,
СЕЙСЕНБІ
№103 (23 572)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Білім инвестициясының бірегей мүмкіндігі

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖОЛДАУЫ 2025

Адамзат тарихындағы жетістіктің баршасы – білімнің жемісі. Озық технология дәуірінде ғылым-білімсіз алға басу әсте мүмкін емес. Сондықтан, кез келген елдің экономикасы білімге тәуелді болмақ. Бұл – мемлекет саясатындағы ең маңызды бағыттардың бірі. Осы орайда Қазақстан дамыған елдер секілді, жыл сайын аталған салаға бөлінетін қаржы көлемін көбейтуде. Ел болашағына салынатын инвестицияның көлемі артса, демек, білім беру мен ғылым жүйесі дамудың даңғыл жолына түседі деген сөз.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

Орта білім орнықты дамуда

Білім экономикасы адами капиталды дамыту мәселесіне жатады. Азаматтардың білімі мен қабілеті ел дамуының негізгі факторы болғандықтан, оған айрықша көңіл бөлу мемлекетке мол жауапкершілік жүктейді.

Қазақстан – білім мен ғылымды дамытуға көп қаржы құятын елдердің қатарында. Норвегия, Швеция секілді дамыған елдер аталған салаға жалпы ішкі өнімнің 8 және 7,7 пайызын жұмсайды. Еуропа елдері бастауыш және орта білімді дамытуға қаржы аямайтын көрінеді. Өйткені, білім саласының өркендеуі өзінің бастау бұлағына байланысты болса керек.

Ал, біздің елімізде биылғы республикалық бюджет көрсеткіші бойынша білім беруді дамытуға 1 трлн теңгеден аса қаржы бөлінген. Бұл 2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда 116 млрд теңгеге ұлғайғанын көрсетіп отыр.

Қазақстан білім беруге салынған инвестициялар бойынша жақсы көрсеткішке ие. Мұны БҰҰ Даму бағдарламасының Адам дамуы жөніндегі сарапшысы, профессор Владимир Осколков айтады. Халықаралық сарапшының сөзінше, адами капиталға салынған инвестициялар экономиканың жетістігімен тікелей байланысты. «Білім беруді дамытуға Жалпы ішкі өнімнің кемінде 4%-ы бөлінген кезде Қазақстан маңызды экономикалық шекті деңгейге жақындап қалады», – дейді ол.

Орта білім демекші, Қарағанды облысында өңірлік бюджеттің 48 пайызы білім саласына бөлінген. Яғни, білім саласы облыстық бюджеттің жартысын құрап отыр. Мұны облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев тамыз конференциясында айтқан болатын. Демек, аталған салаға инвестицияның мол бөлінуі өңір экономикасының дамуын айқындайды.

Бұл нақты нәтижелерден байқалуда. Мәселен, өңірде жаңа салынған мектептер көбейіп, елдің инфрақұрылымын дамытуға баса көңіл бөлінуде. Бұл тұрғыда «Келешек мектептерін» атап өткен жөн. Бүгінде заманауи, жайлы мектептердің 5-еуі салынып жатыр. Ал қыркүйекте 4 жаңа мектеп өз жұмысын бастады.

➤ 2-бет

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Қауіпсіздік кепілі

Елімізде алғаш рет «сталкинг», яғни, адамның жеке шекарасын бұзып, психологиялық қысым көрсететін әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді. Бұл өзгеріс азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды құқықтық қадам болып отыр.

Биыл Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілген өзгерістердің бірі – «Қылмыстық заңнаманы оңтайландыру мәселелері бойынша» жаңа заң аясында сталкинг ұғымының заңды түрде бекітілуі. Енді, кез келген адамның еркіне қарсы бағытталған, мазалайтын және бақылау сипатындағы әрекеттер заңмен қудаланады.

Сталкинг сипатына – үнемі хабарласу, әлеуметтік желі арқылы аңду, үйіне немесе жұмысына ілесіп бару, интернеттегі бақылау, орынсыз хаттар немесе сыйлықтар жолдау секілді әрекеттер кіруі мүмкін.

Бұл қылықтар адамның өміріне нақты қауіп төндірмесе де, оның психологиялық жай-күйіне елеулі зиян келтіруі ықтимал. Заң бойынша мұндай әрекеттер азаматтың еркінен тыс орын алған жағдайда қылмыстық құқықбұзушылық ретінде қарастырылады.

Жаңа заң бойынша сталкинг үшін 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық немесе түзету жұмыстары, не болмаса 50 тәулікке дейін қамауға алу жазасы қарастырылған.

Бұл норма – қоғамдағы психологиялық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен жеке адамның құқықтарын қорғауға бағытталған нақты шара. Әсіресе, тұрмыстық қатынастарда, ажырасқаннан кейінгі немесе біржақты сезімге байланысты туындайтын қудалау оқиғаларында бұл заң нормасы тиімді құрал болмақ.

Өз тілшімізден

● «АУЫЛ БЕРЕКЕ – 2025»

Ауылдың дәмі, қаланың сәні

Күзгі таң. Демалыс күні болғандықтан болар, қала әлі толық ояна қоймаған. Ал, «Global City» көтерме-сауда орталығы маңында тіршілік қыз-қыз қайнап жатыр. Қаланың әр шетінен асығып жеткен тұрғындар ауылдың бал татыған дәмін сағынып қалыпты. Қап-қап картоп, балбыраған ет, бапталған қымыз, жаңадан сауылған сүт иісі мұрын жарады. Қолдың майы мен табиғи балдың жөні бір бөлек. Бұл – кеншілер астанасында жыл сайын өтетін «Ауыл береке – 2025» жәрмеңкесінің екіншісі. Бұл күні ауыл мен қала арасын жол ғана емес, сенім мен сауда жалғап тұрды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ресми дерекке сүйенсек, жәрмеңкеге облыстың жеті ауданынан 90-нан аса ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер келіп, 120 тоннадан астам өнім ұсынған. Бағалар – базардағыдан 10-15 пайызға төмен. Бұл – қала тұрғындары үшін қыс қамын ерте жасауға таптырмас мүмкіндік.

Нақтырақ айтсақ, сатылымға түскен өнімдердің ішінде ең көбі ет – 52,2 тонна. Картоп – 25 тонна, көкөніс – 7 тонна, сүт өнімдері – 7 тонна, балық және балық өнімдері – 4 тонна әкелінген. Сонымен қатар, 175 мың дана тауық жұмыртқасы мен 10 тонна басқа да өнімдер болды.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы да көңілге қонымды болды. Жәрмеңкеге кіреберісте бағалар тізімі тұр. Сол жерден өзіңізге қажетті тауардың бағасын біліп, сатып ала бересіз.

Мәселен, қолдың майы – 5500 теңге, қаймақ – 1700 теңге, қызыл ірімшік – 2600 теңге, сықпа құрт – 3500 теңге, қымыз – 1500 теңге, жылқы еті – 2900 теңге және қақталған балықтың бағасы 1000 теңгеден басталады.

Одан бөлек, жәрмеңкеге тірі балық та жеткізіліпті. Жан-жаққа шоршып жатқан тірі балық көпшілік назарын бұрғызып, жәрмеңкенің сәнін кіргізді. Бұл бағытта өзіндік орны бар кәсіпорын – «Карагандинский рыбопитомник» жекеменшік мекемесі.

– «Карагандинский рыбопитомниктің» негізі 1974 жылы қаланған. Аумағы – 1300 гектар. Сұрыптау елдімекенінің арғы беткейінде орналасқан. Бүгін шамамен 400 келі мөңке, 1,5 тоннадай карп балығын әкелдік. Мөңке толық сатылды. Карпты да алып жатыр. Тірі балық, өзіміз шабақ кезінен баптап өсіреміз. Сонымен қатар, басқа жекеменшік балық шаруашылықтарына да балық өсіру ісінде қызмет көрсетеміз. Осылай табыс табамыз, салық төлейміз, – дейді мекеме өкілі Марат Әкімбаев.

Ал, «Дархан» шаруа қожалығының иесі Гүлхан Смағұлова ет өнімдерін әкелген.

– Ақтоғай ауданының Еңбек ауылынан 400 келі ет әкелдік. Әзірге 200 келі ет саттық. Мұнда бағалар барынша төмендетіп қойылған. Халықтың көңіл-күйі жақсы. Өнім өндірушілер сауданы қыздырып жатыр, – деп атап өтті ол.

Жәрмеңкеге келген тұрғындардың көпшілігі бағалар мен өнім сапасына риза. Алайда, кей жайттарға байланысты сын да айтылды.

– Бұрындары ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі алғаш басталғанда қалалық әкімдік концерт ұйымдастыратын. Бір мезгіл ән тыңдап, сөмкемізді толтырып, сергіп қайтушы едік. Биыл оның иісі де жоқ. Сонымен қатар, бағалар тізімінде еттің бағасын 2900 теңге деп көрсеткен. Бірақ, жеме-жемге келгенде бұл бағаға сүйегі көп, екінші сортты ет аласыз. Ал, сом ет 3500-3700 теңгеден. Амалсыздан араластырып алуға тура келеді. Такси жалдаймыз, сонда дүкеннің бағасына жетіп жығылады, – дейді есімін атамауды өтінген қала тұрғыны.

Сонымен қатар, қала іргесіндегі Бұқар жырау ауданы, Үштөбе ауылындағы «ИП Елубаев» шаруа қожалығының иесі Әселгүл Елубаева сүт өнімдерін алып келген. Қаймақты келген бетте талап әкеткен. Жұртшылық шаруа иесінің еңбегін бағалап, қуана сатып алып жатқанын айтты.

Қарағандылықтар үшін ауыл дәмін татып, тиімді сауда жасауға мүмкіндік беретін келесі жәрмеңкелер – 27 қыркүйек, 4 қазан, 18 қазан, 1 қараша күндері өтетінін айта кету керек.

Барлық жәрмеңке таңғы сағат 09:00-де, «Global City» сауда үйі маңында (134-ші есептік тоқсан, 921-құр.) ұйымдастырылады.

«Ауыл береке – 2025» жәрмеңкесі – ауыл мен қала арасындағы алтын көпір. Бұл – табиғи өнімге сұранысты қанағаттандыру, жергілікті шаруаларды қолдау, әрі халықтың азықтүлікке жұмсайтын шығынын азайту жолындағы нақты қадам. Ұйымдастыру жағынан жетілдіретін тұстар болса да, берекелі бастама өз миссиясын сәтті жалғастырып келеді. Ауылдың дәмі қаланың сәнін келтіріп тұр.

Сурет облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының баспасөз қызметінен

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 636.44 ●**USD/KZT** 541.19 ●**RUB/KZT** 6.49 ●**CNY/KZT** 76.08

Қазақстан Ұлттық Банкінің 22 қыркүйек, 2025 жылғы дерегі бойынша

Кәсіпкерге кедергі келтірмеу керек

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы халыққа Жолдауында инвестиция тарту стратегиялық мақсат екендігін айрықша атап өткен болатын. Өңірде инвестиция игілігін молайту мен кәсіпкерлікті қолдау бағыттары жүйелі негізде жолға қойылғандығы баршаға аян. Мемлекеттік қолдау бағыттары «Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы», «Ауыл аманаты», «Кәсіпкер», «Өрлеу» және даму институттары арқылы жүзеге асуда. Осы турасында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппараттық жиында егжей-тегжейлі сараланды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сарыарқада инвестиция легінің саны артпаса, кемімеді. Кәсіпкерлікке нақты қолдау, өндіріс алаңдары дайын. Облыста индустриялық даму жаңа деңгейде қарқын алды. Облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиевтің айтуынша, индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде ондаған ауқымды инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Кәсіпкерлерге жеңілдетілген несиелер ұсынылып, қажетті жер учаскелері бөлінуде. Жер қойнауын пайдалану лицензияларын рәсімдеу жеңілдетіліп, инфрақұрылым белсенді түрде тартылуда. Инвестор үшін «Дайын алаң – дайын мүмкіндік» қағидасы бойынша жұмыс істейтін екі ірі платформа бар. Бірі – «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы болса, екіншісі – «Saran» индустриялық аймағы.

Атаулы өндірістік хабтар инфрақұрылымы әлемдік стандартқа сай. Салықтық жеңілдіктер мен рұқсат рәсімдерін жеңілдету жолға қойылған. Инвестор тек идеясын алып келсе, жеткілікті. Қалған жайттардың бәрін мемлекет қамтамасыз етуге әзір. «Басты мақсат – кәсіпкерлерге кедергі болмау», – дейді басқарма басшысы.

Демек, құжаттан бастап зауытқа дейін толықтай қолдау бар. Өңірде инвестициялық климатты мейлінше жақсартуға бағытталған нақты іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Мәселен, инвесторлар үшін толық сервистік қолдау орталығы жұмыс істейді. Мұнда рұқсат құжаттарын рәсімдеуден бастап, визалық қолдау мен инвестициялық келісімшарттарға дейінгі барлық үдерістерге көмек көрсетіледі. Яғни, бизнес бастағысы келген адамға бюрократиялық кедергілер емес, дайын шешімдер ұсынылады.

– Нәтижесі – көз алдыңызда. Аймақта іскерлік белсенділік артып, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны еселеп өсуде. Жаңа жобалар іске қосылып, өңірдің экономикалық картасы жаңа нысандармен толығуда. Қазірдің өзінде Samsung тұрмыстық техникасын шығаратын өндіріс орны, сан түрлі зауыттар «Рамадан» сүт-тауар фермасы, «Норма» супермаркеті сынды маңызды нысандар қолданысқа берілді. Алда металлургия мен энергетика саласында жаңа серпін сезіле түспек. Жыл соңына дейін бірқатар ірі өндіріс іске қосылмақ. Жетелі жобалардың барлығы облыс әкімдігінің тікелей бақылауында, яғни, инвестиция тарту мәселесі – стратегиялық басымдық ретінде бағамдалып отыр, – деді спикер.

Ауыл шаруашылығы саласында тағы бір ауқымды жоба жүзеге асырыла бастады. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Тюлюбековтің мәлімдеуінше, биылғы жылдың шілде айында «Евразия Инвест ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 1200 бас ірі қараға арналған сүт-тауарлы фермасының бірінші кезеңін салу жобасы қаржыландырылған. Қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, заманауи технологияларға сай қажетті жабдықтарды сатып алу және ірі қара малын жеткізу бойынша бірқатар келісімшарттар жасалуда. Жоба аясында тек өндірістік ғимараттар ғана емес, сонымен қатар, мал басына жайлы жағдай жасайтын инфрақұрылым да жете қарастырылған.

Мамандардың айтуынша, заманауи ферма өңірдегі сүт өнімдері өндірісінің көлемін едәуір арттырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүлтіксіз мүмкіндік береді. Нысанды пайдалануға беру осы жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Жоба іске қосылған соң нысан облыстың агроөнеркәсіптік кешеніне серпін беріп, ішкі нарықты сапалы сүт өнімдерімен қамтамасыз етуге елеулі үлес қосатыны анық.

Жиынды қорытындылаған аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев инвестиция – өңірдің болашағына көрсетілген сенім, экономикалық өрлеудің берік негізі екенін ерекше атап өтті. Ол өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алға қойған стратегиялық міндеттерін мінсіз әрі мерзімінде орындау басты талап екенін қадап айтты. Облыс әкімі саладағы серпінді өсімді бәсеңдетуге жол жоқ екенін қаперге салып, барлық жауапты құрылымдарға нақты тапсырмалар жүктеді. Инвестициялық белсенділік тоқтамайтын үрдіс, оны одан әрі үдету үшін барлық мүмкіндік пен ресурс бар екенін де алға тартты.

– Біз енді ілгері ғана жүруіміз керек. Инвесторға есік ашық, алаң дайын, инфрақұрылым қалыптасқан. Ендігі міндет – осы әлеуетті толық жүзеге асыру. Кәсіпкерге кедергі емес, серіктес болу – біздің басты ұстанымымыз, – деді өңір басшысы нық сеніммен.

Жиын барысы мен айтылған мәлімдемелерден өңірде инвестицияға бағытталған нақты әрі нәтижелі саясаттың жүйелі түрде жүзеге асып жатқаны аңғарылады. Соны үрдіс ертеңгі тұрақты даму мен әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың кепілі болмақ.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Инфографиканы жасаған Айбек Рахымжан

• ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы

Облыс әкімдігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, Абзал Жұпарұлы Рахымбаев Қарағанды облысы бойынша Сауда және тұтынушылар құқықтарын қорғау департаментінің басшысы болып тағайындалды.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Еске салайық, Абзал Рахымбаев мемлекеттік қызметте 2010 жылдан бері қызмет етіп келеді. Ол Қарағанды қаласының кәсіпкерлік бөлімінде экономиканың нақты секторы бойынша бас маман, кейін осы бөлімнің әлеуметтік-экономикалық даму секторының меңгерушісі қызметтерін атқарған.

Әр жылдары Қарағанды қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі мен кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімін басқарды. Сондай-ақ, қала әкімінің орынбасары, Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы басшысының орынбасары болды.

2025 жылдың шілде айынан жаңа қызметке тағайындалғанға дейін Қарағанды облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарды.

• ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

Қатынас қайта жанданды

Облыстағы ауданаралық жолаушылар тасымалының маңызды бағыты – №109 «Қарағанды-Қарқаралы» автобустық маршруты қайта іске қосылды. Бұл туралы облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы мәлімдеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа бағыт жұмысын 27 қыркүйектен бастайды. Уақытша тасымалдаушы ретінде «Nomad Bus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі анықталған. Ал, тұрақты қызмет көрсетуші мекеме алдағы уақытта конкурс негізінде белгіленеді.

Бағытты қайта жандандырудағы мақсат – Қарқаралы ауданы тұрғындарының облыс орталығына қатынауын жеңілдету және қоғамдық көлікке деген қолжетімділікті арттыру. Соңғы уақытта таксилердің жол апатына түсу фактілерінің көбейгендігін ескерсек, бұл жолаушылар қауіпсіздігін нығайтуға да септігін тигізетіндігін айтады басқарма өкілдері. Бұл – әсіресе зейнеткерлер, студенттер мен ауыл тұрғындары үшін маңызды жаңалық.

Жолаушыларға жайлы жағдай жасау мақсатында бағытқа үлкен сыйымдылықтағы, заманауи әрі жайлы Yutong маркалы жаңа автобустар шығарылды. Олар заманауи қауіпсіздік жүйелерімен және ауа баптау құрылғыларымен жабдықталған, бұл жол сапарын барынша ыңғайлы етеді.

Қозғалыс кестесі бойынша, Қарқаралыдан шығу уақыты – сағат 07:00 болса, Қарағандыдан шығу уақыты – сағат 17:30. Екі қала арасындағы жол ақысы – 945 теңге.

Соңғы жылдары бұл бағытта автобус қатынасы үзілген болатын. Енді, мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде, халыққа қолайлы әрі сенімді көлік қатынасы қайта жолға қойылып отыр.

Білім инвестициясының бірегей мүмкіндігі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Білім ошақтары күрделі жөндеуден өтіп, заман талабына сай жаңаруда. Биыл жалпы орта білім беретін 265 мекеме ағымдағы және күрделі жөндеуден өтті. Мектептегі кабинеттердің материалдық-техникалық базасы да нығайып, жаңа құрылғылармен толықтырылып келеді. Биыл мектептерде 77 кабинет жаңа құрылғылармен жабдықталған. Балалардың тегін тамақтануы мен тегін үйірмелермен қамтылуы да осы қатарға кіреді. Педагогтердің мәртебесі артып, жалақысы көбейгенін де атап өткен жөн. Мұның бәрі экономиканың негізгі тірегі боларлық білім саласының жақсы көрсеткішін айқындап отыр.

Қолдау мол, нәтиже қандай?

Соңғы жылдары елімізде ғылым саласына бөлінген қаржы саны айтарлықтай артты. Мәселен, ғылымды дамытуға 2023-2025 жылдарға 3 млрд теңге бөлінсе, 2024-2026 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы 9 млрд теңгені құрап отыр. Яғни, қаржыландыру жыл сайын үш есе артуда. Ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған жобаларға бөлінетін қаражат сомасы бірнеше есе артқаны белгілі.

Ал жоғары білім және ғылым саласында студенттер стипендиясы және оқытушылық құрамның жалақысы артуда. Елімізде отандық жоғары оқу орындарында шетелдік университеттердің филиалдары ашылуда. Жетілдіретін тұстарын айтпағанда, жоғарыда аталғандардың бәрі көзге көрінетін айшықты дүние болып отыр. Бұл бастамалар білім мен ғылым саласының болашақтағы рөлін бағамдайды.

XXI ғасыр – білім мен инновация ғасыры. Қазір әлемде елдің экономикалық дамуы тек табиғи ресурстарға ғана емес, интеллектуалды капиталға, яғни ғылым мен білімге салынатын инвестицияларға да тікелей байланысты. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті экономика факультетінің менеджмент кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты Тұрлыбек Белгібайұлының айтуынша, дамыған мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, білім мен ғылымға, технологияға көңіл бөлу тұрақты экономикалық өсім әкеледі.

– Білім беру жүйесіне бағытталған қаржы – ел болашағына салынған инвестиция. Жоғары білімді, кәсіби мамандар түрлі салаларда қызмет етіп, инновациялық жаңалықтар енгізеді. Қазақстан үшін бұл фактор адами капиталдың сапасын, еңбек өнімділігін арттырудың тиімді құралы болып отыр. Осы арқылы біздің еліміз халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті елге айнала алады, – деп түсіндіреді профессор.

Ол үшін заман көшінен қалмай, ізінен еру маңызды. Әлемдік ғылымға зер салсақ, сәт сайын жаңа технологиялардың дамып жатқанын көреміз. Бұл тұрғыда біздің еліміз де білім және ғылым саласында цифрлық экономика, жасанды интеллект, нанотехнология, биотехнология, IT сынды бағыттарын дамытуға баса назар аударды. Бұл елдің экономикалық құрылымын жаңғыртып, жаһандық нарыққа шығуға мүмкіндік береді.

– Білім мен ғылымға инвестиция салуды тек материалдық жағдай деп түсінбеу керек. Ол – стратегиялық маңызы бар капитал. Еліміздің жаһандық өзгерістерге бейімделуі осы саладағы саясаттың дұрыс жүзеге асырылуына тікелей байланысты, – деді Тұрлыбек Белгібайұлы.

Білім беру және ғылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатын реформалар қайта зерделенді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан бірнеше жыл бұрын 2025 жылға дейін білім саласына бөлінетін қаражат 6 есе, ғылымға бөлінетін қаржы 7 есе өсетінін айтқан болатын. Негізгі себеп, «экономика – білімге тәуелді». Орта білімді айтпағанда, ғылымды дамытуға мол қаржы бөлінген еді. Дегенмен, нәтижесі мардымсыз, қайтарымы шамалы болып отыр. Елді елең еткізер отандық ғылыми жаңалықтар ашылмай келеді. Бір ғана медицина ғылымына тоқталсақ, отандық ғалымдар дәрі-дәрмек шығарудан артта қалып келеді. Дәрі бағасы шарықтап тұр, бәрі шетелден әкелінеді. Елімізде 89 отандық өндірушінің 2 пайызы ғана дәрі-дәрмек шығарады екен. Қалғандары бетперде, шприц және өзге де жеңіл медициналық бұйымдармен шектеліп отыр.

«Соңғы он жылда бар болғаны 2 отандық препарат шығарылған. Соның бірі – калий йодиді, бірақ ол да қолданылмайды. Оған 4,6 млрд теңге жұмсалған. Елде клиникалық зерттеулер жоқ, ғылыми гранттар мардымсыз, жеке инвестициялар мүлде жоқ», – деген болатын Парламент мәжілісінің депутаты Асхат Аймағанбетов.

2022-2024 жылдары еліміздегі медицинаны дамытуға 58 млрд теңге бөлінген. Бірақ саланың әлеуеті 15 пайыздан әрі аспай тұр. Ғылыми зерттеулердің нәтижесі төмен. Фармацевтика саласына жүргізілген аудит қорытындысы бойынша 5 іс Бас прокуратураға жолданған. Салада осындай көзге көрінер кемшіліктер бар, бұл талаптардың шешім табатын күні әлі белгісіз. Ал, салалық ғылымның әрқайсысында мұндай жағдайлар кездеседі. Ғылымға бөлінген қаржы ақталмай қалып жатады. Талапкерлерге бөлінетін грант туралы да осыны айтуға болады. Мемлекет жыл сайын техникалық мамандықтарға бөлінетін грант санын көбейткенімен, оқу бітірген түлектер мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Осыдан барып әр салада маман жетіспеушілігі туындайды.

Сурет ашық дерекқордан

Ғылымды дамытуға 2023-2025 жылдарға 3 млрд теңге бөлінсе, 2024-2026 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы 9 млрд теңгені құрап отыр. Яғни, қаржыландыру жыл сайын үш есе артуда.

Биылғы Жолдауында Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осы мәселеге баса назар аударды. Білім экономикасына ерекше тоқталып, ғылым, білім және инновация саласын басқару тәсілдерін өзара байланыстыру өте маңызды екенін атап өтті.

– Ғылым саласында әлі де мемлекеттің үлесі басым. Бірақ бюджет қаржысының қайтарымы шамалы болып тұр. Жаңа патенттер, технологиялар мен өндірістер сияқты көзге көрінетін нақты нәтиже жеткілікті емес. Инновациялық саясатты Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзырына берген жөн. Министрлік пен Ғылым академиясы бірлесіп, ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарын үйлестіру ісімен белсенді түрде айналысуы керек. Жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын университеттерге көбірек дербестік беруге болады, – деген ой айтты Президент.

Мемлекет басшысының бұл сөзін профессор Тұрлыбек Белгібайұлы да қуаттайды. «Инновацияларды қаржыландыруды бірыңғай орталықтан басқару өте тиімді. Ол салалық және жергілікті аймақтық құрылымдар арасында теңдей үлестірілгенде ғана нәтиже болады», – дейді экономист.

Сондай-ақ, ол тиісті министрлік бөлетін қаржыны ҚР Ғылым академиясына қарайтын ғылыми зерттеу институттарына, салалық зерттеу орталықтарына және елдегі жоғары оқу орындарының ғылыми зерттеу зертханалары мен орталықтары арасында олардың бағыты мен әлеуетін ескере отырып, оңтайлы бөлу қажет екенін де атап өтті.

Түйін

«Ғылым – ұйымдасқан білім» деген екен ағылшын философы Г.Спенсер. Мұнда автор қоғам үшін өзекті саналатын ғылыми білімнің маңызын айқындайды. Рас, ғылым ұйымдасқанда ғана тезірек қолға түседі. Мұны мемлекеттің адами капиталды дамытуға, отандық ғылымды қолдауға ден қоюы мен оны жүзеге асыратын ғалымдардың бірлесуінен туындайтын дүние деп пайымдау керек. Ал ортақ жетістікке жету – уақыт еншісінде.

Қоғам қауіпсіздігі жолында

«Нашақорлық – ұлт саулығына зор қауіп төндіретін кесел. Есірткі жастардың жанын да, тәнін де улап жатыр. Біз есірткіні қолданудың, дайындаудың және таратудың жолын кесіп, тамырына балта шабуға тиіспіз» деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзінде. Бұл сөздер бүгінгі қоғам үшін өзекті үндеу болып отыр. Өйткені нашақорлық – тек бір адамның емес, тұтас ұрпақтың болашағына балта шабатын қатерлі дерт. Сондықтан да мемлекет деңгейінде де, өңірлік деңгейде де бұл бағыттағы жұмыстар күшейтілген. Қазірдің өзінде тәртіп сақшылары 150-ге жуық еріктілер ұйымымен бірлесе отырып, ортақ күресті жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Олардың қатарында 6 студенттік жасақ пен 25 қоғамдық кеңес, «Жас сақшы», «Жас сарбаз» секілді жастар қозғалыстары белсенді қызмет атқаруда. Бүгінде олар жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мен жастарды қылмыстан арашалауға үлкен үлес қосып келеді. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде осы уақытқа дейін 64 қылмысты ашып, 324 әкімшілік құқықбұзушылықтың жолын кескен. Күні кеше Қарағандыда «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру мақсатында кең ауқымды саптық таратылым өтті. Еріктілер тобы полиция қызметкерлерімен бірлесе тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Салтанатты іс-шара облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Жасқайрат Қайыровтың құттықтау сөзімен басталды. Ол өз сөзінде іс-шараның маңыздылығына тоқталып, қоғамдағы заң мен қауіпсіздіктің басты құндылық екенін ерекше атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында ел ішінде «Заң мен тәртіпті» нығайту жөнінде нақты міндеттер қойған болатын. Қоғамдық тәртіпті сақтауда полициямен қатар, сапта тұрған еріктілердің, оқушылар мен қоғам белсенділерінің үлесі зор. Сіздердің бірлескен еңбектеріңіз облысымыздағы қауіпсіздікті арттыруға үлкен септігін тигізеді деп сенемін. Нашақорлық – өскелең ұрпақтың басты мәселесіне айналған ең қауіпті қылмыстың бірі. Бүгінде бұл мәселе Мемлекет басшысының бақылауында тұр. Сондықтан, жастар есірткі құрбаны болмауы үшін біз арнайы топ құрып, оған қарсы жұмыс жүргізудеміз. Атқарып жатқан жұмыстар осымен шектеліп қалмай, керісінше, әр азаматтың ұстанымына айналса дейміз, – деді ол.

Сонымен қатар, Жасқайрат Иманбекұлы өз сөзінде интернет алаяқтық жөнінде көпшілік назарын аударып, оларға алданып қалмау жөнінде ескерту жасады. Банк картасының нөмірін, хабарлама арқылы келген түрлі құпия сөзді де ешкімге айтпау қажеттігін баса айтты. Айта кетейік, іс-шаралардың заңдылығын бақылап, ұсыныстарды қолдау прокуратурамен жүзеге асырылады. Сондықтан, Қазыбек би ауданы прокурорының орынбасары Қажымұрат Мұратов та жиынға арнайы қатысып, жастар арасындағы тәртіптің маңызына тоқталды.

– Заң – мемлекеттің негізі. Заңсыз әділеттілік те, болашақ та болмайды. Сондықтан, заңды бұзбай өзінді де, өзгені де құрметтеген жөн. Тәртіпті әркім өзінен бастау қажет. Қарапайым мысал, біреуге қысым көрсетпе. Керісінше, көмектес. Бұған полиция қызметкерлері мен прокуратураны араластырудың да қажеті жоқ. Егер заң бұзылмай, әркім өз құқығын жақсы білсе, ел дамуына даңғыл жол ашылар еді. Сондықтан, осындай іс-шараларға баршамыз жұмылуымыз қажет, – деді Қажымұрат Серікұлы.

Іс-шара соңында белсенді азаматтық ұстаным танытып, полиция қызметіне қолдау көрсеткен бірқатар еріктіге департамент бастығының грамоталары тапсырылды. Содан кейін еріктілер полиция қызметкерлерімен бірге қала тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстарына кірісті. Әр аймаққа бөлініп, есірткі қылмысының алдын алу жөнінде ақпарат таратты. Сонымен қатар, жол қауіпсіздігін сақтау, алаяқтықтан қорғану бағыты бойынша да арнайы әзірленген буклеттерді таратты.

Іс-шара барысында марапат алғандардың қатарында Қарағанды медицина университетінің V курс студенті Дінмұхаммед Әмірбек те бар.

– Өзім университеттегі «Ерікті» студенттік жасағының жетекшісімін. Жасақ мүшелерімен бірге оқу орындарын, жатақханалар мен демалыс орындарын аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Әрі тәртіп пен заң аясында да әңгіме жүргіземіз. Бүгінде жастардың арасында мәселе көп. Солардың бірі – есірткі мәселесі. Одан кейін, күш көрсету, электронды темекі қолданатындардың да қарасы аз емес. Ал, бұның соңы жақсылыққа әкелмейді. Сондықтан, әр студентпен мейлінше ашық сөйлесеміз, – деді ол.

Қоғамның тыныштығы мен елдің болашағы – әр азаматтың заңға құрметінен басталады. Бүгінде еріктілер мен тәртіп сақшыларының бірлесе атқарып жүрген игі істері соның айғағы деуге әбден болады.

Сурет облыстық ПД баспасөз қызметінен

Жастар жанашырлығы жоғары

Аймақта Дүниежүзілік тазалық күніне орай экологиялық акция ұйымдастырылды. Бұл игі бастамаға 17 мыңнан астам тұрғын қатысып, 20 мың тоннадан астам қоқыс жинады. Сенбілік жұмысы облыстың барлық қала, аудандарында өтті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тазалықты сақтауға, қоғамдық орындарды қоқыстан тазартуға бағытталған жұмысқа еріктілер, студенттер және түрлі ұйымдардың қызметкерлері жұмылдырылды. Жиналған қоқыстың басым бөлігі қайта өңдеуге жіберіледі.

– Акция аясында саябақтар мен демалыс аймақтарын тазаладық. Көңіл қуантатыны, жылдан-жылға табиғат жанашырларының саны артып келеді. Экологиялық мәселелерді шешуге қоғам болып атсалысу арқылы ғана біз өзгелерге де бұл істі дәріптей аламыз, – деп атап өтті Қарағанды облысы экология департаменті басшысының міндетін атқарушы Темірлан Төлеутай.

Тазалық күніне арналған сенбілік аймақтың әр түпкірінде жалғасты. Мәселен, сенбілік жұмыстарына Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студенттері де белсене қатысты. Олар өз оқу орнына жақын орналасқан жасыл алқапты қоқыстан тазартты.

– Біз әлеуметтік жұмыс факультетінде оқимыз. Дегенмен, экология мәселесі кімді болса да бейжай қалдырмайды. Өзіміз құралпы жастармен бірлесе сенбілікке қатысып, қаламызды таза әрі көрікті етуге үлес қосқанымызға қуаныштымыз, – дейді ҚЭУ студенті Жансая Қазбекова.

Қатысушылар өзара бірнеше топқа бөлініп, қоқысты сұрыптап жинады. Пластикті бір бөлек, шыны және қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтарды жеке қаптарға бөлек жинады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• РЕСМИ

Тұқым жинау басталды

Облыс аумағында орман шаруашылығы қызметкерлері күзгі ағаш тұқымдарын жинауға кірісті. Бұл – орманды жаңғырту мен экожүйені сақтау жолындағы маңызды жұмыс.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы еңбек – қызу. Орманшылар болашақ көшеттер үшін ағаш тұқымдарын облыстың ұлттық орман қорының аумағында жинап жатыр.

Жиналып жатқан негізгі ағаш түрлеріне қанды қызыл долана, жіңішке жапырақты жиде (халық арасында – жыңғыл), үйеңкі және емдік қасиетімен танымал шырғанақ жатады. Бұл тұқымдар – болашақ жасыл желектердің негізі.

Орман шаруашылығы мамандарының айтуынша, 2025 жылға арналған кешенді жоспар бойынша 1500 килограмм тұқым жиналуы тиіс. Қазір бұл көлемнің 80 пайызы дайын. Жиналған тұқымдар Новодолин орман питомнигіне жеткізіліп, мұнда арнайы технология бойынша көшеттер өсірілмек. Бірнеше жылдан кейін олар облыс ормандарына отырғызылады.

Орманшылар өңір тұрғындарын да бұл игі іске атсалысуға шақырады. Осындай қарапайым әрекет арқылы әр адам туған өлкенің экологиясын жақсартуға үлес қоса алады.

Жаңалық әрқашан жаныңызда!
https://ortalyq.kz/
Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Қарапайым кәсіп иелеріне құрмет

Еліміздегі Еңбек күні қарсаңында Абай аудандық Мәдениет үйінде осы өңірдегі қарапайым кәсіп иелеріне құрмет көрсетілді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында «Елімізге жоғары білікті, жақсы даярланған жұмысшы мамандары қажет» деп атап өткендей, бізде қай салада болсын, осы мамандық иелері әлі де жетіспейді. Басқаны айтпағанда, Абай ауданының өзінде ресми тіркелген 696 жұмыссыз адам бар екен. Соған байланысты бұл күні Абай аудандық Мансап орталығы бос жұмыс орындарының жәрмеңкесін өткізіп, оған қатысқан өңірдің 15 кәсіпорны мен мекеме, ұйымы өздеріне қажет 100 түрлі маманның тізімін ұсынды. Жәрмеңкеге келген аталған санаттағы адамдар бұл жерден тиісті ақпараты мен кеңесін алып, олардың бірқатарына жаңа жұмыс орындарына жолдама берілді.

– Бүгін өткен бос жұмыс орындары жәрмеңкесінің қорытындысында 4 адам «Волынский АӨК» ЖШС, мүгедектігі бар 1 адам «Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп-лицей» КММ, 2 адам «Абай» шахтасы мен «Восточная» орталық байыту фабрикасына тұрақты жұмысқа орналасатын болды, – дейді Абай аудандық Мансап орталығы директорының міндетін атқарушы Ирина Әбдірахманова.

Одан әрі мереке қызығы көрермендер залында жалғасып, сахна төріне «Адал азамат» сөз тіркесінің әр әріпін ретімен ұстаған жас өрендер шықты. Мұның өзі Президентіміздің Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында «Әрбір адам Адал азамат деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды» деген сөзі мен биыл жарияланған Жұмысшы мамандықтары жылының маңыздылығын одан сайын дәлелдей түскендей. Сондықтан да, күнделікті тер төккен қажырлы еңбегімен аудан дамуына елеулі үлес қосып жүрген жандарға абайлықтар көрсеткен құрмет орынды.

Атап айтқанда, сол күні «Таңдаулы еңбек әулеті» аталымында «Абай» шахтасында кеншілік дәстүрді үзбей, жалғап отырған Овчаренколар, «Топар кенті бас энергия тарату станциясы» ЖШС жұмыскерлері Губанихиндер, «Волынский АӨК» ЖШС-інде жұмыс істейтін Шишкиндер, Валитовтер отбасыларының өкілдеріне гүл шоқтары мен 50 мың теңгенің ақшалай сертификаттарын Абай ауданы әкімінің орынбасары Клара Қабдуәлиева тапсырды. Осындай сый-сияпат «Таңдаулы отбасылық әулет» аталымында дәрігерлер Пахаевтарға да жасалды. Өйткені, осы шаңырақтың отағасы Геннадий Заиндиевич Абай қалалық орталық ауруханасында жарты ғасыр хирург, ал, жұбайы Галина Васильевна 48 жыл медбике болып істесе, олардың қыздары Елена Геннадьевна 14 жылдан бері маммолог-дәрігер көрінеді.

Баршаға мәлім, кез келген жас маман жаңа жұмыс орнында бірден төселіп, кәсібінің қыр-сырын игеріп кете қоймайды. Мұндайда, әрине, оған өмірлік және өндірістік тәжірибесі мол тәлімгер көмекке келеді. Міне, осындай «Жұмысшы жастардың таңдаулы тәлімгері» аталымында Абай аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Борис Цай кезекті гүл шоқтары мен 50 мың теңгенің ақшалай сертификатын табыстаған адамдардың қатарында «Топар кенті бас энергия тарату станциясы» ЖШС турбина цехының машинисі Альбина Мухаметгалеева, «Деметра 2005» ЖШС жөндеуші слесарьлар бригадирі Сергей Сабот, «Абайлық жылу жүйелері» ЖШС слесарі Виктор Юдин, «Волынский АӨК» ЖШС жұмысшысы Марина Сизова мен «Деметра 2005» ЖШС техникалық директоры міндетін атқарушы Данил Альдебинов бар.

Келесі сәтте енді ғана жұмыста жастық жігерімен көзге түсе бастағандарға да «Жас маман» аталымында аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Нұрлан Адашев жоғарыдағыдай сый көрсетті. Олар – «Абай» шахтасының проходкашысы Абай Шолтанаев, «Топар кенті бас энергия тарату станциясы» ЖШС поезд құрастырушысы Алдияр Кәкенов, су құбыры учаскесінің слесарі Сейсеке Зейілов пен «Волынский АӨК» ЖШС мал дәрігері Данил Тырко.

Абайда өткен Еңбек күнінде құрметке бөленгендер ескерткіш суретке түсіп, аудан өнерпаздары зал толы жұртшылыққа мерекелік көңіл-күй сыйлады. Мұнда аудандық Мәдениет үйінің әншілері, «Дидар» үлгілі би ансамблі, «Жігіттер» квартеті, «Назқоңыр» триосы мен Дубовка кентінің «Достар» би ансамблі, «Мелодика» вокал студиясының тобы мен әнші Әнуар Адамбаевтың өнерлеріне риза болмаған жан жоқ.

Абай ауданы

Суретті түсірген **автор**

● ПРЕМЬЕРА

Жаңа маусым. Жаңа жанр. Тың бағыт

Сәкен театрының 94-ші маусымы ашылды. Маусым Уилиям Шэкспирдің әйгілі «Ромео-Джульеттасымен» басталды. Спектакль саундрама жанрында қойылды. Классиканы Мәскеуден келген шығармашылық топ дайындады. Қоюшы режиссері – Александр Недомолкин, музыкалық жетекшісі – Иван Дерендяев, хореографы – Александра Кульбарисова, суретшісі – Макела Шмаевич, продюсері – Альберт Горбачев. Сәкен театрының ұжымы осылайша театр саласында жаңа бағыттарда жұмыс үстеп жүрген мәскеулік ұжыммен жаңа жанрда өнер көрсетті.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Театр маусымының ашылуына облыстық мәдениет және архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы арнайы келіп, тетар ұжымына және көрерменге лебізін айтты.

– Өкінішке қарай, жаңа маусым Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, талантты актер, өнегелі ғұмыр кешкен Қайрат Кемаловсыз басталды. Бұл қаза театр ұжымының ғана емес, тұтас қазақ елінің қабырғасына батты. Соңында талантты шәкірттері қалды. Сол шәкірттері бүгінде өнер шаңырағының отын лаулатып жүр. Баршаңызды маусымның басталуымен құттықтаймын! Ұжымға шығармашылық табыс тілеймін! Мәскеуден келген шығармашылық топ актерлерге ерекше шабыт берді деп ойлаймын. Жаңа маусымда шығармашылық табыстар көп болғай! – деді Ғалымжан Өтелбай.

Александр Недомолкин театр актері, режиссер, театрдағы жаңа жанрларды зерттеу және дамыту кафедраларында ұстаздық етеді. Ол Сәкен театрында шеберлігі мен біліктілігі жоғары таланттардың толқыны қалыптасқанын айтты.

– Саундрама жанры – бұл жаңа бағыттардың бірі. Бұл жанрдағы қойылымдарда рөл ойнауға әркімнің жүрегі дауалай бермейді. Өйткені, бұған вокалдық қабілет керек. Музыкалық сүйемелдеуге басымдық беріледі. Сәкен театрында музыкалық композицияларды жоғары деңгейде орындайтын актерлер көп. Осы премьераны дайындау кезеңінде ешқандай қиындық туған жоқ. Бастысы – мұнда мектеп қалыптасқан екен. Қазақстанға бірінші рет келуім. Қарағанды және осындағы халықтың дүниетанымы, мәдениеті өзіме ұнады, – деді Александр Недомолкин.

Сәкен театрының қоюшы режиссері Айдын Салбан биылғы маусымда жаңа жанрларға қадам басамыз деп отыр.

– Бүгінде әлемде театр өнерінде түрлі жанрлар дамып келеді. Театрымыздың ұжымы жаһандық көштен қалмауы тиіс. Осы мақсатта режиссерлерді Мәскеуден шақырттық. Ұжым мәскеулік әріптестерден көп нәрсені үйренді, тәжірибе алмасты. Осы маусымда репертуарымызға түрлі жанрдағы спектакльдерді енгіземіз. Бұл – көрермендер үшін маңызды, – деді Айдын Салбан.

«Ромео-Джульетта» қойылымы қарағандылық көрермендерге қазақы нақышта ұсынылды. Мәселен, бірнеше ән домбырамен сүйемелденді. Қойылым жастардың көңілінен шыққандай. Өйткені, актерлер жастық шақ, махаббат туралы көңілді әндер шырқады, би биледі. Сәкен театрының актерлері каскадерлік қырларын да ашыпты. Қойылымда комедиялық жанрдың да бояуы бар. Кейіпкерлер арасындағы диалогтар көрермендерге күлкі сыйлады. Декорациясы да ерекше болды. Сахна төрінде спектакльді әуенмен сүйемелдеген оркестр де отырды. Көрерменнің басым бөлігі студент жастар болды. Соңында залдағы көрермен тік тұрып, қошемет көрсетті.

Сурет театрдың баспасөз қызметінен

Абай мұрасына абай болайық!

Марат Азбанбаев – Абай шығармашылығын жан-жақты зерттеп, әрбір еңбегінде тың ой қозғап жүрген абайтанушы. Жуырда облыстық Абай атындағы балалар кітапханасында Қазақстан Судьялар одағының мүшесі, абайтанушы Марат Азбанбаевтың қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Басқосуға мектептердің қазақ тілі және әдебиеті пәні ұстаздары шақырылып, «Бала Абайдан – дана Абайға» тақырыбында әңгіме өрбітті. Әрі ойшылдың тұлғалық қалыптасу жолы мен шығармашылық мұрасы жайында қызықты деректер де талқыланды.

Марат Ақторғайұлы – заң саласында 40 жылға жуық еңбек өтілі бар тәжірибелі маман. Оның ішінде 28 жылын сот жүйесіне арнап, әділет жолында адал қызмет атқарған. Зейнетке шыққаннан кейін де қол қусырып қалмай, ғылымға бет бұрыпты. Күні бүгінге дейін Абай шығармашылығын тереңнен зерттеп, насихаттап келеді. Бүгінде оның еңбектері ғылыми ортада кеңінен танылған. Әсіресе, құқықтық тарих пен әділет тақырыбын қамтыған «Абайдан Азбанбайға дейінгі сот істері» кітабын айта кетпеске болмас. Абай заманына қатысты тың деректер осы бір еңбекке басылып, өңірдегі барлық кітапханаға тегін таратылған. Облыстық басылым бетінде жарық көрген танымдық мақалаларын оқырман қауым жақсы біледі.

– Біздің кітапхана Абай бабамыздың есімін иеленгендіктен, биыл жыл басынан бері бірқатар іс-шара өткіздік. Сонымен қатар, үлкен көрме ұйымдастырып, кітапхана қорын кеңінен таныстырдық. Осындай игі шаралардың жалғасы ретінде бүгінгі кездесуді де атап өтуге болады. Марат Ақторғайұлы тың деректерімен бөлісіп, өскелең ұрпаққа Абайды жаңа қырынан танытып жүр. Сол мақсатта біз қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерін арнайы шақырып, ортақ ой бөлуді жөн көрдік, – деді кітапхана директорының орынбасары Қалқатай Қалиева.

Дөңгелек үстел барысында Марат Азбанбаев Абайдың тұлға болып қалыптасуына ықпал еткен негізгі факторларға кеңінен тоқталды. Әсіресе, әкесі Құнанбайдың өнегелі рөлін ерекше атап өтті. Сондай-ақ, ол ұлы ақынның адамгершілікке негізделген идеялары мен шығармашылық мұрасын жас ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалану жолдары жөнінде ой өрбітті.

– Мұндай іс-шара біз секілді жас мұғалімдерге, қазақ тілі мен әдебиеті пәні ұстаздарына пайдалы. Мысалы, біз Абайды бастауыштан бастап оқытамыз. Табиғат жайында жазылған өлеңдерінен бастаймыз. Абай – дара қазақта. Сондықтан, қай-қайсымыз болсын Абайды танып-білуіміз қажет. Ал, бүгінгі іс-шарада тұлғаның біз-біліп-білмейтін қырын және тағы басқа да тың дүниелер жайында естіп қайттық, – деді С.Сейфуллин атындағы гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Сая Темірғалиева.

Дөңгелек үстел тың идеялар мен келелі ойларға толы болды. Жиынға қатысушылар ұлы ойшылдың мұрасын құқықтық әрі рухани тұрғыда насихаттау мәселесіне ерекше назар аударды.

Сурет кітапхана мұрағатынан

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қарағандылық дуэттің қарқыны

Германияның Котбус қаласында батут гимнастикасынан Әлем кубогының ақтық кезеңі өтті. Аймақ намысын қорғаған қос қарағандылық Данил Мұсабаев пен Никита Тумаков шешуші кезеңде мерейі үстем болып, жеңіс тұғырынан көрінді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байрақты бәсекеге 13 елден 57 спортшы қатысып, бес жиынтық медаль сарапқа салынды.

Қарағандылық дуэт синхронды секіру сайысында 52,200 ұпай жинап, қарсыластарын қапы қалдырды. Екінші орынға әлем чемпиондары – германиялық Кайо Локстерман мен Фабиан Фогель (52,050) жайғасса, үшінші орынды әлем және Еуропа чемпиондары – британдық Зак Перзаманос пен Кори Уолкс (51,530) иеленді.

Жеңімпаздардың жаттықтырушысы – Сергей Вертянкин. Айта кетерлігі, қос спортшы үшін бұл маусым табысты өтіп келеді. Биыл ақпанда олар Әзірбайжанда өткен әлем кубогында күміс жүлдеден еншілеген болатын.

Данил Мұсабаев – 2022 жылғы Азия ойындарының күміс жүлдегері әрі өткен жылы Парижде өткен Олимпиадаға қатысушы. Ал, 18 жастағы Никита Тумаков үшін сол күміс – әлемдік деңгейдегі алғашқы медаль еді. Енді ол да алтын медаль иеленді.

Сурет ресми сайтынан

● ФУТБОЛ

Жолдамаға жеткізе алмаған жеңіс

Жуырда XXII тур аясында «Шахтер» клубы өз алаңында «Жетісайды» қабылдап, 5:0 есебімен жеңіске жетті. Жерлестер өз алаңында ұпай жоғалтпағанымен, лигадағы жағдайы мәз емес. Қысқасы, келер жылы да жерлестер Бірінші лигада доп тебейін деп тұр...

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Шахтер» – «Жетісайға» қарағанда әлдеқайда күшті команда. Құрамы немесе тактикалық тұрғыдан алып қарасаңыз да, лигадағы командалардан бір бәсі жоғары тұр. Әрі осы лиганың басты фовариттері-тін. Әу баста тәп-тәуір ойын көрсетті. Тіпті, II орынға дейін көтерілді. Сол уақытта «Премьер-лигаға қайта оралдық-ау» деп үміттеніп едік. Бірақ, кейінгі тіркелген нәтижелерге қарап қуанышымыз су сепкендей басылды.

Бұл ойын да команда тағдырын шешетін кездесу-тін. Дегенмен, мүмкіндікті мүлт жібермей, кестедегі орынын сақтап қалды. Алғашқы айналымда қарсыластар қақпасына екі доп салынды. Оның өзі қарсыластың өз автоголы. Екінші айналымда Диас Қалыбаев үшінші голды салып, мүмкіндік қалдырмап еді. Шабуылшы Максим Галкин 76-шы және 86-шы минутта дубль тіркеп, ойынның нүктесін қойды.

Қазіргі уақытта жерлестердің қоржынында – 44 ұпай. Осы турдың қорытындысы бойынша IV орында. Ал, Премьер-лигаға алғашқы екі команда ғана өтеді. Қазір ақтаулық «Каспий» 56 ұпаймен – I орынға, павлодарлық «Ертіс» 51 ұпаймен – II орынға шықты. Ал, үшінші сатыда 45 ұпаймен өскемендік «Алтай» клубы тұр. Енді төрт ойыннан кейін бірінші лига ойындары аяқталады. Ал, жерлестердің келесі лигаға өту ықтималдығы – төмен.

Неге дейсіздер ғой?! Жерлестер 25 қыркүйекте сырт алаңда шымкенттің «Оңтүстік академиясымен» кездеседі. Бірінші кездесуде жерлестер өз алаңында қарсыластарын тас-талқан еткен. Бұл жолы сырт алаңда жеңуге қауқарлы. Олай болса, маңызды төрт ойынның біреуінде жеңіп, үш ұпайды қанжығаладық дей беріңіз. Енді келер айда үш ойын өткізеді екен. Оның екеуі – өз алаңында. Әуелі «Таразды» қабылдайды. Өткен жолы жерлестер тараздықтардан айласын асыра алмаған. Осы жолы есе жібермеуі қажет. Сондықтан, жеңіс үшін барын салуы қажет. Жерлестердің өз алаңында өткізген ойындарына көз жүгіртсек, жеңісі басымырақ. Бұл кездесуді дәл осы статистикаға сүйеніп жеңісті жерлестердің еншісіне жазып бердік делік. Сонда қоржында – 6 ұпай. Одан кейін сырт алаңда ақтаулықтармен ойнайды. Бірінші кездесуді өз алаңымызда өткізіп, 2:3 есебімен жеңілгеніміз бар. Сырт алаңда жеңу-жеңбеуіміз екіталай. Әрі көш басында келе жатқан командалар да ұпай жоғалтқысы келмейді. Сондықтан, сырт алаңдағы ойынның тағдырын ойыншыларға қалдырдық. Сәйкесінше, ұпайды да есепке алмаймыз.

Айтпақшы, команданың негізгі қақпашысы 36 жастағы Игорь Шацкий «Қайратқа» ауысуы мүмкін деген ақпарат бар. Қақпашы «Шахтермен» келісімшартын үзіп, еркін агент ретінде алматылық клубқа қосылуға дайын. «Қайраттың» негізгі қақпашылары жарақат алғандықтан, команда FIFA мен UEFA ережесіне сәйкес маусым соңына дейін бір еркін агентті тіркей алатын көрінеді. Ал, алматылықтардың көздегені – қарағандылық клубтың қақпашысы екен. Қысқасы, келер маусымда Игорь Шацкий бірінші лигада ойнамайды...

Сурет клубтың баспасөз қызметінен

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ІЛИЯШ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 512

№103 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**